

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 ақпандағы № 02 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 ақпанда № 5238 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 – бабы 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 07-29/8 ұсынысы негізінде, Айсары ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары ауылдық округі Айсары ауылы аумағында орналасқан ірі қара мал бруцеллезіне шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Айсары ауылдық округі әкімінің "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары ауылдық округі Айсары ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2018 жылғы 20 маусымдағы №3 (2018 жылғы 09 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4789 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Айсары ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

С.Касенова